




«СУРЕТКЕРДІҢ
ПАРАСАТ БИІГІ»



ТӨЛЕН ӘБДІК
(1942 -)

(9-11 сынып оқушылары мен БОБ-на
арналған ақпараттық бет)



«Шығыс Қазақстан облыстық
балалар және жасөспірімдер
кітапханасы» КММ

Өскемен қаласы,
Космическая көшесі, 6/2

Байланыс телефоны: 8(7232)75-44-36
E-mail: childrenlibrary@mail.ru
<http://www.vkolibrary.kz>

Құрастырған және компьютерде
өндеген: **Ж.Н.Буханова**
Ақпараттық-библиографиялық
орталық жетекшісі

Жауапты: **К.Б.Мукашева**
Кітапхана
директоры

ӨМІР ЖОЛЫ



Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі ерекше есімдердің бірі – Төлен Әбдік. Қазақ прозасында ерекше

көп таңбасы бар қаламгер 1942 жылы 4

қыркүйекте Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Еңбек ауылында дүниеге келген.

1960 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Университетті аяқтаған соң, «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Жалын» альманахының редакцияларында қызмет жасады.

1977 жылы «Қазақфильм» киностудиясының редакция коллегиясының бас редакторы болып тағайындалды.

1979-1989 жылдары Қазақстан КП Орталық комитетінің мәдениет бөлімі нұсқаушысы, сектор меңгерушісі болды.

1989-1991 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы

болып тағайындалды.

1994 жылы Елбасы Н. Назарбаевтың басқаруымен ҚР Президентінің мәдениет саласындағы көмекшісі болып тағайындалды.

1997 жылдан күні бүгінге дейін Төлен Әбдікұлы Президент әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып қызмет етеді. 1973 жылдан бері Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстанның **еңбек** сіңірген қайраткері (2002). Қаламгер кино өнері мен театр өнеріне де өзіндік үлес қосқан, онда да айтарлықтай табысқа жетті. ТүркСОИ-дың шешімі бойынша, түркі мемлекеттерінде жазушы Төлен Әбдіктің шығармалары 2013-ТЕ жыл бойына терең әрі жан-жақты насихатталды.

Төлен Әбдік – іскер, ізденісі мол қоғам қайраткері. Еліміздің егемендігін бекітіп, тілін, дінін, мәдениетін өркендетуге үлкен қоғамдық үлес қосып қоғамдық қызметтер атқарып келеді.



МАРАПАТТАРЫ:

2002 жылы Президент жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен марапатталды;

2003 жылы М. Әуезов атындағы сыйлықтың иегері;

2003 жылы Франц Кафка атындағы халықаралық сыйлығы және алтын медалі

2004 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының иегері;

Қазақстанның ПЕН клуб сыйлығының иегері.

